

ПАРТИЯЛЫҚ «СӘТТІ ҚАДАМ» ЖОБАСЫНЫҢ ЕКІНШІ БАҒЫТЫ – ЖОО МЕН ТЖКБ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАТАРЫНДАҒЫ ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ОРНЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

«Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты 2016 жылы ЖОО мен ТжКБ түлектері қатарындағы жетім балаларды жұмыспен қамту бойынша партиялық «Сәтті қадам» жобасының екінші бағытын іске қосты.

Мақсат: ЖОО мен ТжКБ түлектері қатарындағы жетім балаларды, жастарды еңбекке әлеуметтендіру

Міндеті: ЖОО мен ТжКБ түлектері қатарындағы жетім балаларды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз ету.

Жобаның аталмыш бағыты бойынша жұмыс 2016 жылдың маусым айында басталып, еліміздің барлық аймағын қамтыды. Қазақстан Республика Білім және ғылым министрлігінің берген мәліметі бойынша өткен жылы ЖОО мен ТжКБ - ны 3500-ден астам бала бітірген. Атқарылған жұмыстың нәтижесіне сәйкес 1640 бала тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етілді. Жоба аясында 267-ге жуық келісім-шарт жасалды.

Барлық аймақтағы білім басқармалары және ЖОО мен ТжКБ басшылығының берген мәліметі бойынша 2017 жылы білім ордаларын 2500-ден астам бала тәмамдайды. Аталмыш бағыттағы жұмыс а.ж. 15 мамырында басталды.